



Автор: АЛПЫСПАЕВА ЖАНАР ЕЛЕМЕСКЫЗЫ

Пән: Сауат ашу

Сынып: 1-сынып

Бөлім: Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті

Тақырып: Мен не үйрендім?"Менің отбасым және достарым"

Сабақтың тақырыбы	Мен не үйрендім? «Менің отбасым және достарым»
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	1.7. Тыңдаған материал бойынша өз пікірін айту. 1.8.Түрлі жағдаяттарда этикет сөздерін қолдана білу 1.9. Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту.
Күтілетін нәтиже	Барлығы:Жаңа білімді меңгереді. Көбі:Тақырыпты түсініп, тыңдап, жетекші сұрақтар арқылы талқылайды. Кейбірі: Алған білімді өмірде қолдана алады.
Жетістік критерийлері	Айтылған сөздер мен сөйлемдердің көпшілігін дұрыс қайталай алады. Нақты сөйлеу арқылы, мәселені түсінгенін көрсете алады.
Құндылықтарды дарыту	Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.
Пәнаралық байланыс	Музыка, ағылшын тілі, орыс тілі, көркем еңбек сабағы
АКТ қолдану дағдылары	видео , таныстырылым.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

<p>Сабақтың жоспарланған кезеңдері (Сабақтың басы Ұнтымақтастық атмосферасын қалыптастыру 5 минут)</p>	<p>Сәлеметсіздер! Здравствуйте! Good morning! Балалар бізде ерекше сабақ болады . Өйткені сабаққа қонақтар келді. Сендердің білімдерінді тапқырлықтарыңды көруге. Психологиялық ахуал: Сабақты бастамас бұрын көңіл күйімізді тексеріп алайық. Анаң – күнің, жүрегің, Әкең – өмір тірегің. Әжең –асыл ардағың, Атаң – дана қорғаның. Інің мөлдір аспанын. Қарындасың – қанатың. Сен бақытты ұлансың, Бәрі саған қуансың. Балалар біз сендермен үш топқа бөліндік. Кітап, Достық, Балдырған. Топ басшыларын сайлап алайық: Өткенді пысықтау: Біз сендермен Салт –дәстүр және ауыз әдебиеті тарауды аяқтадық. Қандай ұлттық кейіпкерлерді білесіңдер-? Алдаркөсе, Қожанасыр. - Олар қандай кейіпкерлер -? - Олар ақылды,әділ,тапқыр,аңғал кейіпкерлер. - Қандай ұлттық ойындарды білесіңдер- ? - Ат жарыс, арқан тартыс, көкпар тарту. - Ендеше балалар Алдаркөсе мен Қожанасыр ойнаған ойынды біз де ойнайық. - Ойының аты – «Ұшты - ұшты». - Ұшты – ұшты, бүркіт ұшты (Қол көтеріледі) - Ұшты – ұшты, қалам ұшты (Қол көтерілмейді) - Ұшты – ұшты, ұшақ ұшты (Қол көтеріледі) Қызықты тапсырма: Ал енді балалар сендерге жұмбақ жасырамын. Жұмбақ шешу: Қабат- қабат қатталған, Асыл сөзбен апталған. Парағы бар сөйлейтін, Бетін адам ашады, Білім нұрын шашады Бұл не? «Кітап» тобына тапсырма: мақалды толықтыр Жүппен жұмыс. Топпен жұмыс..- білім бұлағы,- өмір шырағы. Адасқан сөздер:Кітап,дәптер,өнер, Білім. «Достық» тобына тапсырма: Жүппен жұмыс. Топпен жұмыс. Адасқан сөздер. Кітап ұстау ережелерін құрастыру. Ұқыптылықпен қарап, дұрыс пайдалану керек. Кітаптың сыртқы мұқабасын тыстау. «Балдырған» тобына тапсырма: Өлеңді толықтыр. Жүппен жұмыс. Топпен жұмыс. Адасқан сөздер: Кітап, даналық, біліп, өнегелі, ойлап. оқу бұлағым, Оқытатын ұстазым Кітапта бар..... Оқып алайық. Қ Б: От шашу әдісі бойынша .</p>	
--	--	--

<p>Сергіту сәті (3 минут)</p>	<p>ҚБ: Бас бармақ әдісі бойынша. Көңілді күн» видео көрсетіп билейді. Отбасымызда кімдер бар -? Ата, әже, ана әке, әпке, аға, қарындас, іні,сіңілі бар. -Жақсы. Енді алда үлкен Халықаралық әйелдер күні келе жатыр. Сол мереке байланысты Ана, Ақ жаулықты әже, әпкемізге тақпақтар үш тілде айтуымыз керек. - Кітап тобы :Қазақша ана, орысша мама, - ағылшын тілінде mother - Ана туралы тақпақ кім айтып береді-? Анам, анам, ақ анам Мен өзіндей ақ балаң, Айтқан тілінді аламын Жұмсағанда барамын. Достық тобы: Қазақша әже, орысша бабушка, ағылшын тілінде grandmother Кім орысша әже тулалы тақпақ айтып береді- ? Бабушка родная, Милая моя, Больше всех на свете Я люблю тебя. Балдырған тобы: Қазақша әпке, орысша сестра, ағылшын тілі sister (ағылшын тілі тақпақ) I have got a sister She likes read a book S he helps and playswith me love my sister Кітап» тобына тапсырма: К әрпіне суреттер жабыстырып сөздерді буынға бөліп айту. «Достық» тобына тапсырма: Д әрпіне суреттер жабыстырып сөздерді буынға бөліп айту. «Балдырған» тобына тапсырма: Б әрпіне суреттер жабыстырып сөздерді буынға бөліп айту. ҚБ: Шапалақ әдісі бойынша Барлық топтардан оқушылар айтып шығады. Тақтамен жұмыс Сызбаны толтыру. Менің достарым (Ит, мысық, балдырған, кітап) Оқушылар шеңбер құрып «Достық» әнін хормен айтады. Дәптермен жұмыс: Өлеңнің соңғы екі жолын дәптерге жазу. Ортақ мекен – Жер шары, Төбемізде бір аспан Барлық ұлттың баласы, Достығымыз жарасқан.</p>	
<p>Сабақтың соңы (3 минут)</p>	<p>Рефлексия «Смайлик» әдісі</p> <ul style="list-style-type: none"> • Егер саған сабақ ұнаса және тапсырманың барлығын түсіндім және басқаға түсіндіре аламын жасылға стикер жабыстыру керек. • Егер сен сабақты түсінемін бірақ барлығын емес сары түске стикер жабыстыру керек. • Егер саған сабақ барысында тапсырмаларды орындау қиын болып,мұғалімнің көмегі қажет болса , стикерді қызыл түске жабыстыру керек.. 	